

2011 жылға бір жолғы талон құнын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 28/294 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда N 8-17-111 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 1 және 6 тармақтарын басшылыққа ала отырып, объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметін жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану өнімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, аудандық салық басқармасы жүргізген орташа күндік хранометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызмет пен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын бір жолғы талондардың құндары мен қызмет түрлерінің тізбесі N 1 қосымшада көрсетілген көлемде бекітілсін.

2. Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем мөлшері N 2 қосымшада көрсетілген көлемде бекітілсін.

3. Шет ауданы бойынша салық басқармасына осы бекітілген ставкаларды ара-тұра сипатта аталған кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға қолдану тапсырылсын.

4. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Жүніске жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

аудандық Мәслихаттың хатшысы

Р. Мақсұтов

Аудандық

Мәслихаттың

2010

жылғы

23

желтоқсандағы

XXVIII

сессиясының

N

28/294

шешіміне

1 қосымша

Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын біржолғы талондардың құны

N	Бір жолғы талондар қолданылатын кәсіпкерлік қызметтер түрлері	Бір күндік бір жолғы талонның құны
---	---	------------------------------------

		Өлшем бірлігі	Абсолюттік сомасы
2	Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдерді сату	теңге	151
3	Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау,бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	теңге	91
4	Газет-журналдар сату үшін	теңге	121
5	Бақша дақылдарын сату	теңге	91
6	Жеке учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	теңге	302
7	Үй жануарлары мен үй құстарын бағу	теңге	302

Аудандық Мәслихаттың 2010 жылғы
23 желтоқсандағы XXVIII сессиясының
N 28 / 294 шешіміне
2 қосымша

Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем

Базар аттары	Базардың сауда жасау бағыты	Сауда орынының түрі	Алып отырған сауда жасау орынының көлемі шаршы метр	1 шаршы метр сауда орынынан алынатын төлем, теңге	Төлемнің бір күндік сомасы, теңге
Аудан көлеміндегі барлық базарлар	Тамақ өнімдерін сату	Сөреде тұрып сату	3	30	90
			4	30	120
			5	30	150
		6	30	180	
		7	30	210	
		8	30	240	
		9	30	270	
		10	30	300	
		Ет сату	3	45	135
			4	45	180
	5		45	225	
	6		45	270	
	7		45	315	
	8		45	360	
	9		45	405	
	10	45	450		
		Сүт сату	2	30	60
			3	45	135
			4	45	180
			5	45	225
			6	45	270

Аудан көлеміндегі барлық базарлар	Өндірістік тауарларды сату	Сөреде тұрып сату	7	45	315
			8	45	360
			9	45	405
			10	45	450
		Қолға ұстап жүріп сату	1,5	30	45
Жүк машина-лары немесе контейнер-лерден сату		А у ы л шаруашылық өнімдер			257
		Өндірістік өнімдер			275

Ескерту: 1. Бір жолғы талондардың құндары айлық есептік көрсеткіштің белгіленген пайызын алып отырған сауда орынының көлеміне көбейткенде шығады. Айлық есептік көрсеткіш немесе алып отырған сауда жасау орыны өзгерген жағдайда бір жолғы талонның құны да өзгереді.

2. Шет ауданы көлемінде жоғарыда бекітілген бір жолғы талондардың құндары ғана қолданылады. Бір жолғы талондардың құндарына өзгерістер тек қана аудандық салық басқармасының ұсынысы негізінде аудандық мәслихаттың шешімімен енгізіледі.